



Ғылыми мақала / Research Article
МҒТАР / IRSTI



<https://doi.org/>

Historical and Ethnographic Aspects of Northern Kazakhstan in the Travel Notes of I. Ya. Slovtsov

Zh. Smakhanova^a , T. Marmontova^a 

^aResearch Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Kazakhstan

z.deil@mail.ru

Abstract. The article examines the historical and ethnographic aspects of Northern Kazakhstan in the second half of the nineteenth century on the basis of the travel notes of I. Ya. Slovtsov, considered as a unique complex of historical sources. The relevance of the study is determined by the growing scholarly interest in regional history and ethnography, as well as by the need for a comprehensive analysis of the socio-economic, ethno-cultural, and natural-geographical processes that developed during the final incorporation of Northern Kazakhstan into the administrative and political space of the Russian Empire. The travel notes of I. Ya. Slovtsov constitute a valuable historical and ethnographic source that reflects the everyday life of both nomadic and sedentary populations, modes of economic activity, ethno-cultural traditions, and the specific features of imperial governance practices in the course of the colonization of the steppe. These materials make it possible to reconstruct the structure of traditional society in Northern Kazakhstan, mechanisms of social adaptation, and the historical prerequisites of regional development. Purpose and Objectives. The purpose of the study is to analyze the historical and ethnographic development of Northern Kazakhstan at the end of the nineteenth century on the basis of the travel notes of I. Ya. Slovtsov, including the influence of socio-economic and cultural factors on regional life. To achieve this goal, the following objectives were set: – to determine the scholarly value of the travel notes of I. Ya. Slovtsov as a historical and ethnographic source; – to characterize the socio-political, economic, and ethno-demographic conditions of the Kokshetau District of Akmola Region; – to identify regional features of everyday life and the economic structure of nomadic and sedentary populations; – to demonstrate the significance of Slovtsov's scholarly legacy for studies in the historical geography and regional research of Northern Kazakhstan. Materials and Methods. The methodological framework of the study is based on source analysis, the historical-contextual approach, and the comparative historical method. The main sources include the travel notes of I. Ya. Slovtsov, statistical surveys of Akmola Region, pre-revolutionary reference publications, as well as contemporary scholarly studies and statistical data. The use of an interdisciplinary approach made it possible to examine the geographical conditions of the region, its ethnographic characteristics, economic system, and demographic processes in their interrelation. The study demonstrates that Slovtsov's travel notes represent a multifaceted source reflecting the natural and geographical environment, traditional economic models, ethno-cultural experience, and social structure of Northern Kazakhstan. The organization of nomadic pastoralism and agriculture described by the author, along with patterns of resource use and the spatial structure of the economy, provide deeper insight into the socio-economic life of the region's population. Slovtsov's observations, when compared with official

statistical data, confirm that nomadic хозяйство constituted a rational system well adapted to the conditions of the steppe environment. Conclusions. The study concludes that the travel notes of I. Ya. Slovtsov are of significant scholarly importance for reconstructing the historical geography and ethno-cultural landscape of Northern Kazakhstan at the end of the nineteenth century. Slovtsov's legacy contributes to a deeper understanding of the historical foundations of socio-economic processes and the potential for interregional interaction.

Keywords: Northern Kazakhstan; Slovtsov; travel notes; historical ethnography; historical geography; nomadic and sedentary economy; regional development

For citation: Smakhanova Zh., Marmontova T. Historical and Ethnographic Aspects of Northern Kazakhstan in the Travel Notes of I. Ya. Slovtsov. *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.3, no.3, pp.??-??. <https://doi.org/>

Funding: This article was prepared within the framework of the project «History of Northern Kazakhstan from Ancient Times to the Present Day» (Project ID: BR21882225).

Историко-этнографические аспекты Северного Казахстана в путевых записках И. Я. Словцова

Ж. Смаханова^а, Т. Мармонтова^а

^аНаучный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье на основе путевых записок И. Я. Словцова рассматриваются историко-этнографические аспекты развития Северного Казахстана во второй половине XIX в. как уникального комплекса источников. Актуальность исследования обусловлена возрастанием научного интереса к региональной истории и этнографии, а также необходимостью комплексного осмысления социально-экономических, этнокультурных и природно-географических процессов, сформировавшихся в условиях окончательного вхождения территории Северного Казахстана в административно-политическое пространство Российской империи. Путевые записки И. Я. Словцова представляют собой ценный историко-этнографический источник, отражающий повседневную жизнь кочевого и оседлого населения, способы ведения хозяйства, этнокультурные традиции, а также особенности имперской управленческой практики в процессе освоения степного пространства. Данные материалы позволяют реконструировать структуру традиционного общества Северного Казахстана, механизмы социальной адаптации и исторические предпосылки регионального развития. Цель и задачи исследования. Целью исследования является анализ историко-этнографического развития Северного Казахстана конца XIX в. на основе путевых записок И. Я. Словцова, включая влияние социально-экономических и культурных факторов на жизнь региона. Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи: – определить научную ценность путевых записок И. Я. Словцова как историко-этнографического источника; – охарактеризовать социально-политическое, хозяйственное и этнодемографическое состояние Кокчетавского уезда Акмолинской области; – выявить региональные особенности быта и хозяйственной структуры кочевого и оседлого населения; – показать значение научного наследия И. Я. Словцова для изучения исторической географии и региональных исследований Северного Казахстана. Материалы и методы.

Методологическую основу исследования составляют источниковедческий анализ, историко-контекстуальный подход и сравнительно-исторический метод. В качестве основных источников использованы путевые записки И. Я. Словцова, статистические обзоры Акмолинской области, дореволюционные справочные издания, а также современные научные исследования и статистические данные. Применение междисциплинарного подхода позволило рассмотреть во взаимосвязи географические условия региона, его этнографические характеристики, хозяйственную систему и демографические процессы. В ходе исследования установлено, что путевые записки И.Я. Словцова являются многоплановым источником, отражающим природно-географическую среду, традиционные хозяйственные модели, этнокультурный опыт и социальную структуру Северного Казахстана. Описанные автором организация кочевого скотоводства и земледелия, особенности использования ресурсов и пространственной структуры хозяйства позволяют глубже понять социально-экономическую жизнь населения региона. Наблюдения Словцова, сопоставленные с официальными статистическими данными, свидетельствуют о рациональности кочевого хозяйства, адаптированного к условиям степной среды. Выводы. Сделан вывод о высокой научной значимости путевых записок И.Я. Словцова для реконструкции исторической географии и этнокультурного ландшафта Северного Казахстана конца XIX в. Наследие Словцова способствует более глубокому пониманию исторических основ социально-экономических процессов и потенциала межрегионального взаимодействия.

Ключевые слова: Северный Казахстан; И.Я. Словцов; путевые записки; историческая этнография; историческая география; кочевое и оседлое хозяйство; региональное развитие

И.Я. Словцовтың жол жазбаларындағы Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық қырлары

Ж. Смаханова^а, Т. Мармونتова^а

^аЖошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысындағы Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық қырлары бірегей деректік кешен ретінде И.Я. Словцовтың жол жазбалары негізінде талданады. Зерттеудің өзектілігі өңірлік тарих пен этнографияға деген ғылыми қызығушылықтың артуымен, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан аумағының Ресей империясының әкімшілік-саяси кеңістігіне толық енуі жағдайында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, этномәдени және табиғи-географиялық үдерістерді кешенді түрде зерделеу қажеттілігімен айқындалады. И.Я. Словцовтың жол жазбалары көшпелі және отырықшы халықтың күнделікті тұрмысын, шаруашылық жүргізу тәсілдерін, этномәдени дәстүрлерін, сондай-ақ далалық кеңістікті игеру барысындағы империялық басқару тәжірибесінің ерекшеліктерін сипаттайтын құнды тарихи-этнографиялық дереккөз болып табылады. Бұл жазбалар Солтүстік Қазақстан өңіріндегі дәстүрлі қоғамның құрылымын, әлеуметтік бейімделу механизмдерін және аймақтық дамудың тарихи алғышарттарын қайта құрастыруға мүмкіндік береді. Мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – И.Я. Словцовтың жол жазбалары негізінде XIX ғасырдың соңындағы Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық дамуын, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлардың аймақ өміріне ықпалын талдау. Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды: – И. Я. Словцовтың жол жазбаларының тарихи-этнографиялық дереккөз ретіндегі ғылыми құндылығын анықтау; – Ақмола облысы Көкшетау уезінің әлеуметтік-саяси, шаруашылық және этнодемографиялық жағдайын сипаттау; –

көшпелі және отырықшы халықтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылық құрылымының өңірлік ерекшеліктерін айқындау; – Солтүстік Қазақстанның тарихи географиясы мен аймақтану мәселелерін зерттеуде Словоцтың ғылыми мұрасының маңызын көрсету. Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізін деректанулық талдау, тарихи-контекстуалдық тәсіл және салыстырмалы-тарихи әдіс құрайды. Негізгі дереккөздер ретінде И. Я. Словоцтың жол жазбалары, Ақмола облысының статистикалық шолулары, революцияға дейінгі анықтамалық басылымдар, сондай-ақ заманауи ғылыми зерттеулер мен статистикалық мәліметтер пайдаланылды. Пәнаралық тәсілді қолдану өңірдің географиялық жағдайы, этнографиялық сипаттары, шаруашылық жүйесі мен демографиялық үрдістерін өзара байланыстыра қарастыруға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында И.Я. Словоцтың жолсапар жазбалары Солтүстік Қазақстанның табиғи-географиялық ортасын, дәстүрлі шаруашылық үлгілерін, этномәдени тәжірибесін және әлеуметтік құрылымын бейнелейтін көпқырлы дереккөз екені анықталды. Автор сипаттаған көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ұйымдасуы, ресурстарды пайдалану ерекшеліктері және шаруашылықтың кеңістіктік құрылымы өңір халқының әлеуметтік-экономикалық өмірін терең түсінуге мүмкіндік береді. Словоцтың бақылаулары ресми статистикалық деректермен салыстырғанда, көшпелі шаруашылықтың далалық орта жағдайына бейімделген ұтымды жүйе екенін дәлелдейді. Қорытындылар. XIX ғасырдың соңындағы Солтүстік Қазақстанның тарихи географиясы мен этномәдени ландшафтын қайта құрастыруда И.Я. Словоцтың жол жазбаларының зор ғылыми маңызы бар екені жөнінде қорытынды жасалды. Словоцтың мұрасы әлеуметтік-экономикалық үдерістердің тарихи негіздерін және өңіраралық өзара іс-қимыл әлеуетін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Түйін сөздер. Солтүстік Қазақстан; И. Я. Словоц; жол жазбалары; тарихи-этнография; тарихи география; көшпелі және отырықшы шаруашылық; өңірлік даму

Сілтеме жасау үшін: Смаханова Ж., Мармونتова Т. И.Я. Словоцтың жол жазбаларындағы Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық қырлары. *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.3, no.3, pp.??-??. <https://doi.org/>

Қаржыландыру. Мақала «Ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі Солтүстік Қазақстан тарихы» жобасы аясында дайындалды (жоба ІРН: BR21882225).

Kіpіcne

Қазақстан өңірлерінің тарихын зерттеу қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайында және дамудың жергілікті ерекшеліктеріне қызығушылықтың артуы аясында барған сайын өзекті бола түсуде. Бұл үрдіс әсіресе тарихи жад, өңірлік бірегейлік және мәдени мұра мәселелерімен сабақтасып, аймақтың этномәдени келбетін айқындайтын дереккөздерді қайта қарастыру қажеттілігін күшейтеді. Формалды түрде Қазақстан Республикасының солтүстік бөлігіне 4 облыс жатады: Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстары, мұнда ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2 896 314 тұрғын тұрады (Словоц 1881). Аталған кеңістік әкімшілік тұрғыдан біртұтас аймақ ретінде қарастырылғанымен, тарихи-этнографиялық қырынан алғанда ішкі құрылымы күрделі, көпқабатты және ұзақ мерзімді әлеуметтік-мәдени үдерістермен айқындалады. Математикалық тұрғыдан Солтүстік Қазақстан шығыстан батысқа қарай 1300 км, ал

солтүстіктен оңтүстікке қарай шамамен 900 км аумақты қамтиды (Обзор 1879). Мұндай ауқымды территория табиғи-географиялық белдеулердің алмасуын, шаруашылық типтерінің әркелкілігін және қоныстану үлгілерінің сан алуандығын туындатып, өңірдің этнографиялық бейнесін айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Өңір Қазақстанның бірегей этномәдени ландшафтының қалыптасуында маңызды рөл атқарады, мұнда Ресей Федерациясымен шегара ғасырлар бойы халықтар арасындағы мәдени алмасу мен өзара ықпалдастыққа дәнекер болған ауқымды шегаралық коммуникация аймағын қалыптастырады. Шегаралық кеңістік ретінде Солтүстік Қазақстанда транзиттік байланыстар ғана емес, сонымен қатар этникалық топтардың мәдени тәжірибелері, шаруашылық дағдылары және әлеуметтік нормалары тоғысып, өзара бейімделу механизмдері орнықты. Мұнда орыстар мен қазақтар ғасырлар бойы бірге өмір сүріп, бір-бірін құрметтеп, түсіне отырып, тұрмыс пен дәстүрлердің өзара ықпалдасуына және байытылуына ықпал етті. Осы өзара ықпалдастықтың нәтижесінде өңірде күнделікті өмір мәдениетінде, салт-дәстүрлерде, еңбек дағдыларында және кеңістікті игеру тәжірибесінде көрініс тапқан тарихи-этнографиялық ерекше сипаттар қалыптасты.

XIX ғасырдың екінші жартысы Солтүстік Қазақстан үшін бетбұрысты кезең болды, өйткені дәл осы уақытта Ресей империясының әкімшілік-басқару институттары орнығып, аймақтың әлеуметтік құрылымы мен этномәдени қатынастарына жаңа ықпал тетіктері енді. Бұл кезеңді нақты деректермен ашып көрсету үшін ресми құжаттармен қатар, тікелей бақылауға негізделген жол жазбаларының әлеуеті айрықша, себебі олар дәстүрлі қоғамның «ішкі» тіршілігін, күнделікті практикаларын және мәдени кодтарын сипаттауға мүмкіндік береді. Осындай дереккөздердің қатарында И. Я. Словцовтың Көкшетау уезіне жасаған сапары барысында жазылған жол жазбалары Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық қырларын пайымдауда бірегей материал болып табылады. Словцов еңбектерінде табиғи орта сипаттамалары мен статистикалық деректер ғана емес, сондай-ақ көшпелі және отырықшы тұрғындардың тұрмыстық мәдениеті, шаруашылық ұйымдасуы, маусымдық көші-қон ырғағы, қоныстану құрылымы және қоғамдық қатынастардың этнографиялық белгілері көрініс табады. Демек, Словцов жол жазбалары өңір тарихын тек саяси-әкімшілік оқиғалар желісі арқылы емес, әлеуметтік тәжірибе мен мәдени қалыптар жүйесі ретінде талдауға негіз қалайды.

Мақаланың мақсаты – салыстырмалы-тарихи тәсілді қолдана отырып, И. Я. Словцовтың жол жазбалары негізінде Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық қырларын, яғни дәстүрлі шаруашылық үлгілерін, күнделікті тұрмыс мәдениетін және этномәдени өзара ықпалдастық формаларын кешенді түрде талдау. Сонымен бірге зерттеу Ресей империясының құрамына ену үдерісінің аяқталуы жағдайында аймақтың әлеуметтік-мәдени трансформациясына ықпал еткен факторларды этнографиялық деректер арқылы пайымдауды көздейді. Көрсетілген мақсатқа сүйене отырып, зерттеу міндеттерін келесідей тұжырымдауға болады:

Ақмола облысы Көкшетау уезінің өңірлік ерекшеліктерін зерттеу үшін Словцовтың жол жазбаларының тарихи-этнографиялық дереккөз ретіндегі құндылығын анықтау; контекстуализация тәсілдерін қолдана отырып, XIX ғасырдың соңында, Қазақстан аумағының Ресей империясының құрамына қосылу үдерісі аяқталған кезеңде өңірде қалыптасқан әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларды этномәдени үдерістермен сабақтастыра бағалау;

Словцов сипаттаған көшпелі және отырықшы қауымдардың күнделікті өмірі, шаруашылық тәжірибесі мен салттық мәдениеті арқылы Солтүстік Қазақстанның этнографиялық келбетін қайта құрастыру мүмкіндігін көрсету;

Словцовтың ғылыми мұрасын зерттеудің Солтүстік Қазақстанның тарихи аймақтануы, тарихи этнографиясы және әлеуметтік-экономикалық тарихы салаларындағы кейінгі зерттеулер үшін әдістемелік әрі деректік тұрғыдан пайдалы бола алатынын негіздеу.

Сонымен қатар XIX ғасырдағы Қазақстанның солтүстік бөлігін Ресей империясының геосаяси мүдделері мен стратегиялық ықпалының нысаны ретінде қарастырсақ, империя тарапынан далаға әкімшілік бақылау орнату логикасын ғана емес, сонымен бірге жергілікті қоғамның мәдени-әлеуметтік құрылымын «тану», «жіктеу» және «сипаттау» арқылы басқаруға бейімдеу амалдарын да тереңірек түсінуге болады. Осы тұрғыда Словцовтың жол жазбалары империялық ғылыми дискурстың құрамдас бөлігі ретінде көрініс беріп, бір жағынан өлкетанулық-этнографиялық бақылауларды жүйелесе, екінші жағынан өңірдің дәстүрлі мәдениеті мен шаруашылық болмысын нақты фактілік материал арқылы сипаттайды. Сондықтан мақалада Словцов мәтіндерінің ақпараттық мазмұнымен қатар, олардың тарихи-этнографиялық интерпретацияға беретін мүмкіндіктері де арнайы назарға алынады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу стратегиясы Қазақ даласының солтүстік өңірлеріндегі тіршілік көрінісін тарихи-этнографиялық тұрғыдан қайта құрастыру үшін нақты дереккөздердің мазмұндық әлеуетін және олардың ғылыми айналымдағы орнын бағалауға негізделеді. Бұл тұрғыда жол жазбалары ресми әкімшілік құжаттардан өзгеше, өңірдің әлеуметтік тәжірибесін, күнделікті өмір салтын және мәдени мінез-құлық үлгілерін сипаттауға мүмкіндік беретін дерек түрі ретінде қарастырылады. И.Я. Словцовтың ғылыми мұрасы бүгінде Ресей империясының жаңа аумақтарды зерттеу, сипаттау және басқару үдерістерін қандай ғылыми-әдістемелік негізде жүзеге асырғанын ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қоғамды этнографиялық тұрғыдан тануға деген ұмтылысты да айқын көрсетеді. Осы себепті Словцовтың жол жазбалары империялық ғылыми дискурсы аясында қалыптасқанымен, олардың мазмұнында өңірдің өзіндік тарихи-этнографиялық болмысы кеңінен көрініс табады.

Мақаланы дайындаудағы негізгі дереккөз ретінде өлкетанушы Иван Яковлевич Словцовтың жол жазбалары пайдаланылды (Словцов 1881). Бұл материалдар XIX ғасырдың соңындағы Солтүстік Қазақстан өңірінің табиғи ортасын, шаруашылық құрылымын, этникалық құрамын және тұрмыс-тіршілігін тікелей бақылау негізінде сипаттайды. Тарихи контексті нақтылау және деректерді салыстырмалы түрде талдау мақсатында 1878 жылға арналған «Ақмола облысына шолу» еңбегінің мәліметтері (Щербинин 2024), сондай-ақ 1895 жылғы «Бүкіл Ресей» анықтамалық басылымындағы ақпараттар (Вибе, Захарова, 1999) қолданылды. Бұл деректер жол жазбаларында келтірілген бақылауларды әкімшілік-статистикалық материалдармен салыстыра отырып, олардың шынайылық деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

Жол жазбаларының тарихи-этнографиялық маңызын тереңірек ашу үшін талдау аясы өлкетанулық сипаттағы мақалалармен (Статистика 2024) және қарастырылып отырған

кезеңге қатысты биографиялық бағыттағы зерттеулермен (Солтүстік Қазақстан 2024) толықтырылды. Мұндай тәсіл Словцовтың ғылыми қызметін оның замандастарының еңбектерімен және кейінгі тарихнамалық бағалаулармен сабақтастыра қарастыруға жағдай жасады. Сонымен қатар бұл деректер автордың жеке бақылауларының ғылыми дәстүрмен және аймақтық зерттеу тәжірибесімен байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Солтүстік Қазақстан өңіріне қатысты көзқарастардың уақыт өте қалай өзгергенін салыстыру мақсатында қазіргі заманғы статистикалық деректер де пайдаланылды. Атап айтқанда, Ұлттық статистика бюросының ресми порталындағы мәліметтер (Словцов 1881), Қазақстан өңірлері бойынша географиялық және инфрақұрылымдық жолсілтемелер жинақталған Огехса сайтының деректері (Обзор 1879), сондай-ақ «Демоскоп» журналының электрондық нұсқасында жарияланған материалдар (Первая 1897) талдауға тартылды. Бұл деректер кешені Солтүстік Қазақстан өңірін тарихи ретроспективада ғана емес, қазіргі әлеуметтік-демографиялық және кеңістіктік өзгерістер тұрғысынан да кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу деректанулық талдау, тарихи-контекстуалдық тәсіл және салыстырмалы-тарихи әдістердің үйлесіміне негізделді. Пәнаралық ұстаным этнография, тарихи география, әлеуметтік-экономикалық тарих және демография салаларындағы мәліметтерді өзара байланыстыра қарастыруға жағдай жасап, И.Я. Словцовтың жол жазбаларын Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық қырларын ашатын көпқабатты дереккөз ретінде пайымдауға мүмкіндік берді.

Әдеби шолу

Мақаланы дайындау барысында негізгі дереккөз ретінде өлкетанушы И.Я. Словцовтың жолсапар жазбалары пайдаланылды (Словцов 1881). Жазбадағы тарихи мәліметтерді толықтыруға 1878 жылға арналған «Ақмола облысына шолу» еңбегі (Щербинин 2024) және 1895 жылғы «Бүкіл Ресей» басылымы (Вибе, Захарова 1999) мүмкіндік берді.

Жолсапар жазбаларының маңызын тереңірек түсіну үшін зерттеліп отырған кезеңге қатысты өлкетанулық сипаттағы мақалалар (Статистика ... 2024) мен биографиялық бағыттағы еңбектер (Северный Казахстан ... 2024) талдау аясын толықтырды.

Солтүстік Қазақстанға қатысты көзқарастың қазіргі кезеңде қалай өзгергенін салыстыруға мүмкіндік беретін статистикалық деректер Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы порталында қолжетімді. Сонымен қатар, Қазақстан өңірлері бойынша жолсілтемелер жарияланған Огехса сайтында (Обзор ... 1879) және «Демоскоп» журналының электрондық нұсқасында (Первая ... 1897) тиісті мәліметтер берілген.

Аталған деректер жиынтығы өңірдің тарихи ретроспективадағы дамуын кешенді түрде зерделеуге және тұтас ғылыми түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Иван Яковлевич Словцов Батыс Сібір өлкетануы мен аймақтық зерттеулер тарихында елеулі орын алатын ғалымдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар оның ғылыми өмірбаянында бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының солтүстік облыстарының

құрамына енген аумақтарды жүйелі әрі мақсатты түрде зерттеген ерекше кезең болғанын атап өту қажет. Дәл осы кезеңде жинақталған жол жазбалары Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық қырларын кешенді түрде пайымдауға мүмкіндік береді.

Иван Яковлевич 1844 жылғы 17 қарашада дін қызметкерінің отбасында дүниеге келді. Тобыл қаласындағы гимназияны аяқтағаннан кейін Қазан университетінің физика-математика факультетінде білімін жалғастырып, сол жерде статистика ғылымына ерекше қызығушылық танытты. Бұл қызығушылық оның кейінгі ғылыми және практикалық қызметінің әдіснамалық негізін қалыптастырды. Университеттік дайындық Словцовқа табиғи құбылыстарды, шаруашылық процестерді және әлеуметтік құрылымдарды сандық әрі салыстырмалы тұрғыдан талдауға мүмкіндік берді. 1865 жылы Қазан маңындағы П.А. Загибаловтың иелігінде басқарушының көмекшісі қызметін атқара отырып, ол ауыл шаруашылығы үдерістерін бақылау, өнім көлемін есепке алу және еңбек ұйымдастыру мәселелерімен тікелей айналысты. Бұл тәжірибе оның кейінгі этнографиялық және экономикалық бақылауларына практикалық мазмұн берді.

Словцовтың өмірінің келесі кезеңі мемлекеттік қызметпен тығыз байланысты болды. Ол Омбы қаласына қоныс аударып, Батыс Сібір бойынша Мемлекеттік мүліктер министрлігінің Бас басқармасында басшының көмекшісі қызметін атқарды. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі бұл қызмет оған өңірлік ресурстарды есепке алу, жер пайдалану тәртібі және қоныстану саясаты туралы терең түсінік қалыптастырды. Өз білімін бөлісуге деген ұмтылысы Словцовты Сібір әскери гимназиясында жаратылыстану ғылымдарын оқытуға алып келді. Дәл осы кезеңде ол тарих, география және этнография салаларындағы зерттеулермен кәсіби деңгейде айналыса бастады, бұл оның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына айрықша ықпал етті (Солтүстік Қазақстан ... 2024: 26-30).

Кездейсоқ жағдаймен дәл осы уақытта Словцов белсенді қатысқан Батыс Сібір зерттеушілері қоғамы Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөліміне (БСБ ИРГО) айналдырылды. Бұл ғылыми ұйым XIX ғасырдың соңына дейін Ресей империясының шығыс аймақтарын зерттеудің негізгі орталықтарының бірі болды. 1917 жылға дейін БСБ ИРГО Батыс Сібірмен қатар Алтайға, қазақ даласының ішкі өңірлеріне, Моңғолияға, Қытайға және Тибетке дейін бірнеше жүз экспедиция ұйымдастырды. Осы ғылыми-институционалдық орта Словцовтың зерттеулеріне жүйелілік пен кең ауқымды салыстырмалы база берді. 1878 жылы Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімі Иван Яковлевич Словцовтың Ақмола облысының Көкшетау округіне жасаған сапарын ресми түрде бекітті. Өз сапарының нәтижелерін ғалым 1881 жылы «1878 жылы Ақмола облысының Көкшетау уезіне жасалған сапар кезінде жүргізілген жол жазбалары» атты еңбегінде жариялады (Статистика ... 2024). Бұл еңбек кейіннен Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-этнографиялық бейнесін зерттеудегі негізгі дереккөздердің біріне айналды.

Қазақстан-Ресей қатынастарының тарихын кең ауқымда қарастырып, осы үдерістегі Қазақстанның солтүстік өңірлерінің орнын қайта пайымдау барысында Словцовтың жол жазбаларының пайда болу алғышарттарын ескеру аса маңызды. Бұл жазбалар империялық ғылыми қызығушылықтың, әкімшілік бақылаудың және этнографиялық танымның тоғысқан нүктесінде дүниеге келді. Сондықтан оларды тек сипаттамалық материал ретінде емес, тарихи-этнографиялық интерпретацияға мүмкіндік беретін күрделі дереккөз ретінде қарастыру қажет.

Әкімшілік бірлік ретінде Көкшетау уезі 1854 жылы құрылды. 1878 жылғы Ақмола облысына жасалған шолудың деректері бойынша Көкшетау уезі сол кезеңде астықтың шықпай қалуынан едәуір зардап шеккен (Щербинин 2024). Бұл жағдай жергілікті халықтың шаруашылық стратегиялары мен бейімделу тетіктерін күшейткен факторлардың бірі болды. 1897 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша уезде 155,5 мың адам тұрған (Первая ... 1897), бұл өңірдің демографиялық әлеуетінің айтарлықтай екенін көрсетеді. 1895 жылғы «Өнеркәсіп, сауда, ауыл шаруашылығы және әкімшілік жөніндегі орыс кітабында» («Вся Россия») қазақ жерлері негізінен Ақмола, Семей және Жетісу облыстарын қамтыған Дала генерал-губернаторлығы ретінде көрсетіліп, мәтінде «бұрын Қырғыз-қайсақ ордалары немесе далалары деп белгілі болған өңір Сібірдің маңызды бөлігі болды» деп сипатталады (Щербинин ... 2024). Бұл көзқарас ХІХ ғасырдың соңындағы ғылыми-көпшілік әдебиетте Қазақстан аумағын игерілуі тиіс кеңістік ретінде қабылдаумен тікелей байланысты болды, ал мұндай қабылдау ғылыми экспедицияларға деген қызығушылықты күшейтті.

Словцовтың еңбегі сияқты бастапқы дереккөздер өздерінің түпнұсқалығымен және бақылаулардың тікелей сипатымен ерекше құнды. Олар зерттеушілерге тарихи құбылыстарды сол заманның куәгері көзімен пайымдауға мүмкіндік береді. Мұндай жазбалар ХІХ ғасырдың соңындағы Көкшетау уезіндегі әлеуметтік ахуалды, шаруашылық құрылымды және жергілікті халықтың табиғи әрі әлеуметтік ортадағы өзара әрекеттесуін түсінуге жағдай жасайды. Бұл тұрғыдан алғанда Словцовтың жол жазбалары өңірдің тарихи-этнографиялық келбетін қалпына келтірудегі маңызды куәлік болып табылады.

Экспедиция бағыты Омбы қаласынан бастап Көкшетау тауларының маңына дейінгі Ақмола облысының едәуір аумағын қамтыды. Словцов Петропавл қаласынан бастап, Есіл өзенінің жағалауы, Жалтыр және Балықтыкөл көлдері, Жеман-тау мен Айыртау таулары сияқты негізгі географиялық нүктелер арқылы өткен сапардың әрбір аялдамасын егжей-тегжейлі сипаттады. Бұл сипаттамалар өңірдің географиялық және табиғи ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі, қоныстану сипаты және мәдени тәжірибесі туралы маңызды этнографиялық мәліметтерді қамтиды.

Жол жазбаларының маңызды қырларының бірі – өңірдің физикалық-географиялық сипаттамаларына ерекше назар аударылуы. Словцов орографиялық, гидрографиялық, фитогеографиялық және зоогеографиялық шолуларды жүйелі түрде тіркеген. Оның еңбегінде Омбы, Петропавл, Ақмола және Атбасар арасындағы аумақта мекендейтін сүтқоректілер мен құстардың тізімі келтіріледі, бұл дереккөзді зоологтар мен экологтар үшін де құнды етеді. ХХІ ғасырда да бұл жазбаларды талдау арқылы Қазақ даласының солтүстік бөлігінің тарихи экологиялық жағдайын бағалауға болады.

Этнографиялық тұрғыдан алғанда, Словцовтың Көкшетау уезінің құрамына кірген руларды тізіп, олардың көші-қон аймақтарын жан-жақты талдауы ерекше назар аударады. Бұл деректер өңірдің әлеуметтік құрылымын, рулық ұйымдасу жүйесін және кеңістікті дәстүрлі пайдалану тәжірибесін түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе зерттеушінің қазақтардың дәстүрлі мерекелеріне, соның ішінде бәйге мен одан кейін өткен той рәсімдеріне берген сипаттамалары құнды. Ол бұл көріністерді дерлік авторлық редакциясына жақын, егжей-тегжейлі түрде баяндап, этнографиялық бай материал қалдырған.

Осы жазбалардың арқасында қазіргі зерттеушілер сол кезеңдегі көшпелі қоғамның тарихи ерекшеліктерін, әлеуметтік нормаларын және әдет-ғұрыптарын тереңірек түсіне алады. Словцовтың еңбектері жеңіл әрі жүйелі тілмен жазылған, сипаттамалары ұстамды және жергілікті халыққа құрметпен қарауға негізделген, ал деректердің молдығы олардың сенімділігін арттырады.

Словцов сапарға шыққан жыл егіншілер үшін қолайсыз болғандықтан, оның бақылаулары табиғи факторлардың жергілікті халық өміріне ықпалын зерттейтін тарихшылар үшін ерекше құнды. Бұл жағдай шаруашылықтың дағдарыс кезеңінде қалай ұйымдастырылғанын және халықтың бейімделу стратегияларын көрсетуімен маңызды.

Әсіресе көшпелі мал шаруашылығы мен егіншілік шаруашылықтарының экономикалық және статистикалық тұрғыда қалай ұйымдастырылғаны туралы егжей-тегжейлі сипаттамалар назар аударарлық. Жазбаларда Ақмола даласында көшіп-қону маусымы шамамен бес айға созылғаны, ал қыс мезгілінде малшылардың отырықшы өмір салтын ұстанғаны атап өтіледі, бұл көшпелі тұрмыстың икемді сипатын көрсетеді.

Қазақ Ақылбек есімді ақпарат берушімен әңгімесіне сүйене отырып, Словцов қатардағы көшпендіге өмір сүру үшін қажет мал мен азық-түліктің ең төменгі көлеміне нақты есеп жүргізеді. Оның жазбасында: «Ақылбек, бақытты болу үшін саған не керек? – Он бас мал, екі әйел, екі баладан және бір киіз үй» деген жауап келтіріледі (Обзор ... 1879: 24). Бұл үзінді көшпелі қоғамның әлеуметтік құндылықтары мен өмір сүру өлшемдерін айқын көрсетеді.

Осыдан кейін Словцов бес адамнан тұратын бір көшпелі отбасының дәстүрлі кәсібі саналатын мал шаруашылығы арқылы өзін қалай қамтамасыз етуі керектігін егжей-тегжейлі есептейді. Негізгі тұтыну заттары ретінде ол нан, сүт, ет және киімді көрсетеді. Жазғы кезеңге қажетті ұн көлемін 15 пұт, қысқы кезеңге екі есе көп деп есептеп, бір жылда 57 пұт ұн қажет болатынын көрсетеді. Ұнның құнын есептей отырып, 28 рубль 50 тиын жұмсалатынын анықтайды, бұл экономикалық есептердің нақтылығын айғақтайды.

Сүт өнімдерін тұтыну бойынша да жан-жақты есептер келтіріледі. Отбасының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін кемінде 3 бие, 4 сиыр және 10 қой қажет екені көрсетіледі. Қыстың жеті айға созылатынын ескере отырып, қосымша мал басының қажеттілігі де есепке алынады. Нәтижесінде бір отбасының өмір сүруін қамтамасыз ететін ең төменгі мал құрамы: 5 жылқы, 6 сиыр және 10 қой деп көрсетіледі (Обзор ... 1879: 24-25).

Словцовтың бұл есептеулері қазіргі заманғы ең төменгі тұтыну себетінің модельдерін еске түсіреді. Олар сол кезеңде Ресей империясының құрамына жаңадан енген аумақтардағы шаруашылық ұйымдасу қағидаларын түсіну үшін аса маңызды болды. Бұл есептер ғалымның шаруашылықты ұтымды басқару қажеттілігін де, қазақтар үшін малдың тек экономикалық емес, сакралды құндылыққа ие екенін де терең түсінгенін көрсетеді.

Словцов Көкшетау уезіндегі халық саны мен мал басы жөніндегі статистиканы да келтіреді: 59 145 тұрғынға 305 520 бас мал сәйкес келген, яғни бір адамға орта есеппен 5,1 малдан келген. Бұл деректер оның бір көшпендіге қажетті ең төменгі мал саны туралы жасаған есептерімен толық сәйкес келеді.

Сонымен қатар Көкшетау уезінде 11 605 киіз үй тіркелгені көрсетіледі, бұл бір киіз үйге шамамен 5 адамнан келгенін білдіреді. Уезд халқының шамамен 10%-ын мыңдаған малы бар ауқатты қазақтар құрағаны да атап өтіледі, бұл өңірдегі азық-түлікпен

қамтамасыз ету деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары болғанын көрсетеді (Обзор ... 1879: 26).

Словцовтың тағы бір маңызды тұжырымы – көшпелі мал шаруашылығына қажетті жер көлемін есептеуі. Бес адамнан тұратын, 23 малмен қамтамасыз етілген отбасы үшін кемінде 184 десятина шабындық қажет болған. Ал уездегі барлық мал басын есептей отырып, кемінде 2 442 080 десятина жер қажет деген қорытынды жасайды. Мұны отырықшы жер пайдаланумен салыстыра отырып, егер халық отырықшы болып, әр адамға 20 десятинадан бөлінсе, қажетті жер көлемі тоғыз есе аз болар еді деп көрсетеді (Обзор ... 1879: 41–42). Бұл тұжырым сол кезеңдегі қоныс аудару үдерісімен және Ресейдің орталық губернияларындағы жер тапшылығымен тікелей байланысты болды.

Көшпелі шаруашылықтың экономикалық тиімділігін бағалаумен қатар, Словцов егіншілікке қатысты да ұқсас есептер жүргізеді. Оның пікірінше, Көкшетау уезіндегі егіншіліктің негізгі орталығы Щучинск поселкесінің және оған жақын Қотыркөл станицасының маңы болған. Жер өңдеу деңгейін ол қарапайым деп бағалап, егіншілік айналымының нақты көрсеткіштерін келтіреді (Обзор ... 1879: 51).

Көшпелі өмір салтымен салыстыру егіншіліктің тұрақты өнім өндіру әлеуеті бар екенін, алайда жер өңдеудің жеткіліксіздігі мен ескірген әдістердің өнімділікті шектегенін көрсетеді. Бұл мәліметтер патша әкімшілігіне шаруашылық түрлерін империялық жүйеге кіріктіруде қандай басымдықтар ұстану қажет екенін айқындауға көмектесті.

Статистика зерттеу құралы ретінде экономиканың құрылымы мен динамикасын терең түсінуге мүмкіндік беретін нақты деректер ұсынады. Словцовтың жазбалары Көкшетау уезінің қалай дамығанын, қандай өнім өндірілгенін, қосымша өнімнің қалай бөлінгенін және тұтыну үрдістерінің қандай болғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, И. Я. Словцовтың жол жазбалары XIX ғасырдың соңындағы Көкшетау округі мен оның төңірегіне қатысты география, зоология, ботаника, этнография, статистика және экономика элементтерін біріктірген кешенді тарихи-этнографиялық дереккөз болып табылады.

Талқылау

Бұл жол жазбаларының тағы бір назар аударарлық қыры ретінде олардың пайда болу институционалдық және ғылыми контекстін атап өтуге болады. Иван Яковлевич Словцов Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесіндегі негізгі әрі белсенді тұлғалардың бірі болды, сондықтан оның еңбектері мемлекет қызметіндегі ғалымның зерттеу тәжірибесін айқын көрсетеді. Бұл жазбалар кездейсоқ бақылаулар жиынтығы емес, керісінше, империялық ғылым жүйесінде қалыптасқан әдістемелік талаптарға сай жүргізілген кешенді далалық зерттеулердің нәтижесі болып табылады. Империя өз аумағын кеңейте отырып, әртүрлі өңірлерге бағыттаған көптеген экспедициялар арқылы тек әкімшілік басқару қағидаттарын бекітіп қана қоймай, сонымен қатар жаңа аумақтардың табиғи, шаруашылық және этномәдени ерекшеліктерін тануға ұмтылды. Осы тұрғыдан алғанда, Көкшетау уезіне жасалған сапар барысында шаруашылықты ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктерінің, көшпелі және отырықшы қоғамдардың өмір салтының қалай ескерілгенін Словцовтың жазбалары айқын көрсетеді.

Солтүстік Қазақстан жерлері жайылымдарға, су көздеріне және табиғи ресурстарға бай болғандықтан, империялық билік үшін экономикалық тұрғыдан тартымды өңір саналды. Бұл жағдай аймақты жүйелі түрде зерттеуге, оның ресурстық әлеуетін бағалауға және шаруашылық игерудің тиімді модельдерін іздестіруге түрткі болды. Словцовтың жол жазбаларын талдау арқылы Солтүстік Қазақстанның Ресей империясы үшін стратегиялық маңызы жоғары болғанын, сондай-ақ басқару мен экономикалық жоспарлауды жүзеге асыру үшін өңірдің этнографиялық және табиғи ерекшеліктерін терең түсіну қажеттілігі туындағанын байқауға болады. Бұл жазбаларда келтірілген деректер империялық саясаттың тек қана экономикалық мүдделерге емес, сонымен қатар жергілікті қоғамның дәстүрлі құрылымын ескеруге бағытталғанын да аңғартады.

Өңірдің тарихи ерекшеліктері мен дәстүрлі өмір салтын жан-жақты білу Солтүстік Қазақстан алдында тұрған қазіргі әлеуметтік-экономикалық үдерістер мен сын-қатерлерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи-этнографиялық дереккөздер аймақтың даму логикасын ұзақ мерзімді перспективада пайымдауға жағдай жасап, дәстүрлі шаруашылық тәжірибелер мен мәдени бейімделу механизмдерінің қазіргі заман үшін де өзектілігін көрсетеді. Мұндай дереккөздерді сақтау, ғылыми айналымға енгізу және жүйелі түрде зерттеу тарихи ғылым үшін ғана емес, сонымен қатар қазіргі қазақстандық-ресейлік қатынастарда стратегиялық көзқарас қалыптастыру үшін де маңызды.

Тарихи байланыстар мен екі елдің өзара ықпалдастығын терең түсіну экономика, мәдениет және саясат салаларында өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Ортақ тарихи тәжірибені және өткен кезеңдердегі өзара әрекеттесу үлгілерін зерделеу қазіргі жағдайда Қазақстан мен Ресей арасындағы сенімді нығайтуға, тұрақты әрі прагматикалық серіктестік қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тарихи-этнографиялық негізделген тәсіл жаһандық сын-қатерлер жағдайында ортақ мәселелерді бірлесіп шешуге және өңіраралық ынтымақтастық әлеуетін толық іске асыруға жағдай жасайды.

Қорытынды

И.Я. Словцовтың жол жазбалары Солтүстік Қазақстан өңірінің XIX ғасырдың соңындағы тарихи-этнографиялық болмысын кешенді түрде ашып көрсететін бірегей дереккөздер қатарына жатады. Бұл еңбектерде тек жекелеген тарихи шындықтар ғана сипатталып қоймай, өңірдің қалыптасқан этномәдени кеңістігі, дәстүрлі өмір салты және әлеуметтік құрылымының ішкі логикасы айқын көрініс табады. Словцовтың бақылаулары Солтүстік Қазақстан қоғамының табиғи ортаға, климаттық жағдайларға және кеңістіктік ерекшеліктерге бейімделу тетіктерін түсінуге мүмкіндік беріп, өңірдің қазіргі дамуын тарихи сабақтастық тұрғысынан пайымдауға негіз қалайды.

Словцов экономикалық қызметті, әсіресе көшпелі және отырықшы шаруашылық үлгілерін егжей-тегжейлі талдауға ерекше көңіл бөлген. Оның мал шаруашылығы мен егіншілікке қатысты жүргізген есептеулері дәстүрлі шаруашылықтың экономикалық ұтымдылығын, ресурстарды пайдалану логикасын және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру механизмдерін айқын көрсетеді. Қазіргі заманғы азық-түлік себетін бағалау әдістемелерін еске түсіретін бұл есептер ресурстарды ұтымды басқару қажеттігін

көрсетіп қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық ұйымдасудың тарихи негіздерін ашуға ықпал етеді. Мұндай деректер жергілікті қоғамдардың табиғи және әлеуметтік ортаға бейімделу тәжірибесін тереңірек түсінуге және тарихи тәжірибеге сүйенген тиімді даму стратегияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Словцовтың мұрасын зерделеу арқылы Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара ықпалдастық тарихын жан-жақты пайымдау мәселесін қайта көтерудің маңызы айқындалады. Бұл еңбектер шегаралық аймақтардағы этномәдени өзара әрекеттесу, шаруашылық тәжірибелерінің алмасуы және әлеуметтік бейімделу үдерістерінің ұзақ мерзімді сипатын көрсетеді. Тарихи үдерістердің барлық қырларын білу инфрақұрылымды дамыту, мәдени алмасу және экономикалық ынтымақтастық сияқты ортақ міндеттерді шешуде жаңа тәсілдерді қалыптастыруға жағдай жасайды, бұл көпқырлы әлемдік тәртіп аясындағы өңіраралық серіктестіктің маңызды элементі болып табылады.

Осылайша, шамамен екі ғасыр бұрын жарық көрген кеңесші Иван Яковлевич Словцовтың еңбектері қазіргі ғылыми зерттеулерге әлі де өз ықпалын тигізіп, Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихи дамуының көпқырлылығын түсінуге арналған бай деректік және аналитикалық материал ұсынады. Бұл зерттеулер өңірлік тарих пен тарихи этнография саласындағы мамандар үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мен Ресей арасындағы өңірлік ынтымақтастықты стратегиялық жоспарлау және дамыту мәселелерімен айналысатын тарихшылар, саясаткерлер мен экономистер үшін де маңызды ғылыми негіз бола алады.

Acknowledgements

The authors express their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article

Алғыс білдіру

Авторлар мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді

Благодарности

Авторы благодарят за научно-редакторское сопровождение статьи.

Әдебиеттер тізімі

- Вибе П.П., Захарова Н.А. Научная деятельность Ивана Яковлевича Словцова. В: *Музееведение, региональная история и краеведение в современных исследованиях и практиках*. Под редакцией П.П. Вибе. Омск: Омскбланкиздат. 2015. С. 314-319.
- Вся Россия. *Русская книга промышленности, торговли, сельского хозяйства и администрации: торгово-промышленный адрес-календарь Российской империи*. СПб.: А. С. Суворин, 1895. X, XII с., 2319, 808, 496 стб., 324. 52 с.
- Обзор Акмолинской области*. Акмолинский обл. стат. ком. Омск: тип. Акмолин. обл. правления, за 1878 год. 1879. 37 с.
- Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года. Наличное население в губерниях, уездах, городах Российской Империи (без Финляндии)*. https://www.demoscope.ru/weekly/ssp/rus_gub_97.php?reg=81 дата обращения: 02.08.2024.

- Северный Казахстан. О регионах Казахстана. Туризм регионов Казахстана. https://www.orexca.com/rus/kazakhstan/regions/northern_kazakhstan.htm дата обращения: 02.08.2024.
- Словцов И.Я. Путевые записки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд, Акмолинской области, в 1878 году. Омск, 1881. 82 с.
- Статистика регионов РК. Бюро национальной статистики. <https://stat.gov.kz/ru/region/> дата обращения: 02.08.2024.
- Щербинин А.И. Любите свой край родной, знайте его историю. <https://kokshetoday.kz/lyubite-svojj-kraj-j-rodnoj-j-znajjte-ego-istoriyu-chast-pervaya/> дата обращения: 03.08.2024.

References

- Vibe P.P., Zakharova N.A. *Nauchnaia deiatelnost Ivana Iakovlevicha Slotstova. In: Museology, Regional History and Local Studies in Contemporary Research and Practice.* Edited by P.P. Vibe. Omsk: Omskblankizdat, 2015. Pp.314-319. (In Russian)
- Vsia Rossiia. *Russkaia kniga promyshlennosti, trgovli, selskokhoziaistva i administratsii: torgovo-promyshlennyi adres-kalendar Rossiiskoi imperii.* St Petersburg: A.S. Suvorin, 1895. X, XII p., 2319, 808, 496 col., 324, 52 p. (In Russian)
- Obzor Akmolinskoi oblasti.* Akmolinsk Regional Statistical Committee. Omsk: Akmolinsk Regional Administration Press, for the year 1878. [1879]. 37 p. (In Russian)
- Pervaia Vseobshchaia perepis naseleniia Rossiiskoi imperii 1897 goda. Nalichnoe naselenie v guberniakh, uezdakh, gorodakh Rossiiskoi Imperii (bez Finliandii).* URL: https://www.demoscope.ru/weekly/ssp/rus_gub_97.php?reg=81 date of access: 02.08.2024. (In Russian)
- Severnii Kazakhstan. O regionah Kazakhstana. Turizm regionov Kazakhstana.* URL: https://www.orexca.com/rus/kazakhstan/regions/northern_kazakhstan.htm date of access: 02.08.2024. (In Russian)
- Slotstov I.I.A. *Putevye zapiski, vedennye vo vremia poezdki v Kokchetavskii uезд, Akmolinskoi oblasti, v 1878 godu.* Omsk, 1881. 82 p. (In Russian)
- Shcherbinin A. I. *Liubite svoi krai rodnoi, znaite ego istoriiu.* URL: <https://kokshetoday.kz/lyubite-svojj-kraj-j-rodnoj-j-znajjte-ego-istoriyu-chast-pervaya/> date of access: 03.08.2024. (In Russian)
- Statistika regionov RK. Biuro natsionalnoi statistiki.* URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/> date of access: 02.08.2024. (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер

Жанар Сатылгановна Смаханова – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК ғылыми қызметкері, Қазақстан, Астана қаласы, Сарыарқа көшесі, 11 үй. <https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>, z.deil@mail.ru

Таисия Викторовна Мармونتova – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК бас ғылыми қызметкері, Қазақстан, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, А. Пушкин көшесі, 15Б үй. <https://orcid.org/0000-0001-9162-297X>, marmontova@mail.ru

Information about authors

Zhanar S. Smakhanova – Research Fellow at the Jochi Ulus Research Institute, Republican State Enterprise with the Right of Economic Management, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, 11 Saryarka Street, <https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>, z.deil@mail.ru

Taisiya V. Marmontova – PhD in History, Chief Researcher at the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management “Research Institute for Jochi Ulus Studies” of the Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Astana, Baikonyr District, 15B Aleksandr Pushkin Street. <https://orcid.org/0000-0001-9162-297X>, marmontova@mail.ru

Сведения об авторах

Жанар Сатылгановна Смаханова – научный сотрудник РГП на ПХВ «Научно-исследовательский институт изучения Улуса Джучи» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Казахстан, г. Астана, ул. Сарыарка, д. 11, <https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>, z.deil@mail.ru

Таисия Викторовна Мармونتова – кандидат исторических наук, Главный научный сотрудник РГП на ПХВ «Научный институт изучения Улуса Джучи» КН МНВО РК, Казахстан, город Астана, район Байконыр, улица Александра Пушкина, дом 15Б. <https://orcid.org/0000-0001-9162-297X>, marmontova@mail.ru

Вклад авторов

Смаханова Ж.С. – провела сбор статистических данных и сравнительный анализ, участвовала в оформлении научного аппарата (ссылки, библиография), осуществила структурное и содержательное редактирование статьи.

Мармونتова Т.В. – разработала концепцию исследования, осуществила отбор и анализ источников, систематизировала исторические материалы, подготовила основные разделы текста. Оба автора в равной степени участвовали в обсуждении результатов исследования и формулировании выводов.

Author Contributions

Smakhanova Zh.S. – collected statistical data and conducted comparative analysis; participated in preparing the scholarly apparatus (references, bibliography); carried out structural and substantive editing of the article.

Marmontova T.V. – developed the research concept; selected and analyzed sources; systematized historical materials; prepared the main sections of the manuscript.

Both authors contributed equally to the discussion of the research findings and the formulation of the conclusions.

Авторлар үлесі

Смаханова Ж.С. – статистикалық деректерді жинақтап, салыстырмалы талдау жүргізді, ғылыми аппаратты (сілтемелер, библиография) рәсімдеуге қатысып, мақаланың құрылымдық және мазмұндық редакциясын жүзеге асырды.

Мармонтава Т.В. – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеп, дереккөздерді іріктеу мен талдауды жүзеге асырды, тарихи материалдарды жүйелеп, мәтіннің негізгі бөлімдерін дайындады. Екі автор да зерттеу нәтижелерін талқылауға және қорытындыларды қалыптастыруға тең дәрежеде қатысты.

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / ***Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье.

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 10.03.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 10.04.2025.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 30.05.2025.